



EGEMEN QAZAQSTAN

Бәріміздің Абайымыз

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай 59 жыл өмір сүрген. Биыл оның дүниеге келгеніне – 175, дүниеден озғанына – 116 жыл. Бүгін бәріміз ұлы ақынды еске алудамыз, мұның, әрине келешекте де жалғасатыны сөзсіз. Туған жерінде ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның әр аймағында, ауылда, қалада, күллі Түркі әлемінде барша әдебиетшілер, өнерсүйер, әдебиетсүйер қауым еске алады. Бұл бір ғұмырға бірнеше ғұмырды сыйғызу дегенге сай келеді.



175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының
мерейтойы

«Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн». Бұл ойлар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты көлемді мақаласында айтылды. Бағдарлама сипатындағы терең мазмұнды мақала, 175 жыл бұрын қазақ халқына Күн секілді туған ұлы тұлға – Абайдың бүгінгі ұрпақтар үшін маңызды әрі өзекті екенін көрсетеді. «Ұлттық болмыстың үлгісі», «Мемлекет ісінің мүдделесі», «Әлемдік мәдениеттің тұлғасы» сынды тақырыптармен қуатталған жалпы пікірге сәйкес, жаңа Қазақстанның өзегін жаңа қоғам құрайды. Бұл ретте, ең алдымен, ұлттың қадір-қасиетін арттырып, халықтың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге баса мән беріледі. Сондай-ақ қоғамның дамуына кедергі келтіретін, береке-бірлікке іріткі салатын жағымсыз қасиеттерден арылу қажет болады. «Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз», деп жазады қазақ елінің басшысы.

Абай! Алып империяның шалғай ауылында дүниеге келіп, небәрі 59 жыл өмір сүріп, жаңашыл әдебиетші, тіл жанашыры, композитор, ағартушы болу... Осылайша ерекшеленіп, танымал болу, әрине кездейсоқтық емес! Шығармаларынан нәр алған ұрпақтары жанымен, қанымен, күреспен тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан Республикасында мемлекет деңгейінде 175 жылдық мерейтойын атап өтуде! Әрине бұл ретте, Абай бұлағынан су ішкен Мұхтар Әуезовтың рухына бас иіп, еске аламыз. Абайдың шығармаларын кезінде өзге тілдерге аударған әдебиетшілердің, зерттеп, дәріптеген ғалымдардың рухтары пейіште шалқысын. Абайдың атын құрметтеп, ескерткіштер орнатқан, көшелерге, саябақтарға, аландарға, оқу орындарына атын берген ел азаматтарын, қазақ бауырларымызды шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстанның Каспий теңізі арқылы көршісі әрі туыстас бауыры Әзербайжан да Абайды сүйді, зерттеді, әлі де зерттейді. Өйткені Абайды сүю – қазақ халқын сүю, Абайды зерттеу – қазақ елін зерттеу, Абайды сүю және зерттеу әдебиетті, өнерді, ұлттық құндылықтарды, бауырластықты терең ұғынуға, рухтанып қанаттануға жетелейді... Абайды зерделеген сайын сүйесің, сүйген сайын зерделейсің! Абай – түркінің ортақ өткенінен ортақ болашағына апаратын құтты жолдың қазақ жеріндегі, қазақ мәдениетіндегі негізгі темірқазығы. Абайдың аты қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, ымырашыл ислам негізінде қазақ мәдениетін орыс және Еуропа мәдениетіне жақындастыруды қолдаушы ретінде тарихқа алтын әріптермен жазылды. Қазақстан – Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан, ұлтаралық, мәдениетаралық келісім орнаған, өзіндік ерекшеліктер мен рухани жауапкершіліктерге ие мемлекет. Қазақ бауырларымыздың осы табиғи, қалыпты жағдайды мүмкіндіктерге айналдырып, табыстарға қол жеткізуі қуантарлық жайт. Алып қазақ жерінде, қазақ мәдениеті ортасында бүгінгі қазақтың (жалпытүрктің) рухани байрағының желбіреуі маңызды мөлшерде Абай танымы, Абай беделі, Абай тұлғасы және Абай жолында аянбай еңбек еткен жасампаз тұлғалардың арқасында мүмкін болды.

Абай мұрасы қазақ фольклорымен, поэзиясымен тығыз байланысты болуымен қатар қазақ поэзиясын жаңа форматтармен байытып, жаңа мазмұн енгізді. Шын аты Ибраһим болғанымен өмір бойы анасы берген «Абай» атын қолданды, «Абай» атымен танылды. «Ықылас, ынта назар, сақ» мағынасына келетін бұл поэтикалық есімнің хақысын иесі артығымен өтеді. Абайдан бұрын Абай есімін иеленуші болды ма, болмады ма, нақты білмеймін, алайда бұл есімді алғашқы боп шыңға шығарған Ибраһим Құнанбайұлы болғанын нақты айта аламын. Және ол шың, ол есім, қазақ халқы барда, қазақ елі барда, Абайсүйер қауым барда, Түркі әлемі барда, қадірлейтін оқырман барда мұзарт шың болып қала бермек!

Сөз соңында тағы бір рет «Абай және Әзербайжан» тақырыбына тоқталғым келеді. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың (абайтанушылар да айтып жүргендей) қазақ ауыз әдебиеті, орыс және еуропа әдебиетімен қатар жалпы шығыс әдебиетінен, соның ішінде әзербайжан әдебиетінен, әлем ақындарының көшбасшысы Низамидің шығармашылығынан шабыт алуы да біз үшін үлкен қуаныш. Әзербайжанның ел ордасы Баку қаласындағы (өзім де тұрып жатқан) Бинәқәди ауданының орталық көшелерінің бірі – Абайдың есімімен аталуы біз үшін зор құрмет. Ол көшеде «Жастар сарайының» орналасуы да кездейсоқтық емес, тағдырдың жазуы деп есептеймін. «Жастар сарайының» кітапханасында Абайдың әзербайжан тіліне аударылған кітаптары бар екеніне және жастардың ол кітаптарды оқитынына сенімдімін. Сол жастардың ішінен келешекте түркі елдері мен халықтарының мәдени бірлігіне өз үлесін қосу арқылы ұлы тұлғаның рухын шаттандыратын әзербайжан азаматтары шығатынына да сенімдімін.

Әкбар Қошали,
ақын, публицист
Әзербайжан Республикасы,
Баку